

Online Ad-hoc Privacy Notice

Соңғы рет өзгертілген күні: 24 мамыр, 2018 жыл

Мазмұны

1	Біз және біздің сауалнамаларымыз туралы	2
2	Жеке деректер деген не?.....	2
3	Жеке деректерді пайдалану	2
3.1	Сауалнамалар кезінде қолданылатын жеке деректердің санаттары	2
3.2	Салалық серіктестер	3
3.3	Контакт деректері мен сауалнама деректерін басқару және қолдану	3
3.3.1	Жауап берушілерді салалық серіктестер көмегімен жалдау	3
3.3.2	Контакт деректері GfK-ға клиенттер тарапынан берілген жауап берушілер арасындағы сауалнамалар	3
3.4	Метадеректер	4
3.5	Жеке деректеріңізді қалай пайдаланамыз	4
4	Жеке деректерді қалай бөлісеміз	4
4.1	GfK Group ішінде	4
4.2	Фармацевтикалық бақылау талаптары	5
4.3	Сыртқы қызмет жабдықтаушылары	5
4.4	Кәсіптік мақсатта дерек аудару	5
4.5	Мемлекеттік мекемелер	5
5	Жеке деректерді халықаралық ұйымдарға аудару	5
5.1	GfK Group заңды ұйымдары	6
5.2	Еуропа Одағынан (ЕО) және Еуропалық экономикалық аймақтан (ЕЭА) тыс орналасқан үшінші жақтар	6
6	Қауіпсіздік	6
7	Сіздің құқықтарыңыз	6
8	Жеке деректерді сақтау	8
9	Құпиялылық ескертуіне өзгерістер енгізу	9
10	Байланыс деректері.....	9

1 Біз және біздің сауалнамаларымыз туралы

Сіз ("сіз", "сіздің", "жауап беруші") GfK SE ("GfK", "біз" / "бізді" / "біздің", "Контакт деректері" бөлімін қараңыз) компаниясы жүргізетін желілік сауалнамаға ("сауалнама", "сауалнамалар") қатысқалы тұрсыз. Орналасқан жеріміз – Еуропа Одағы. Жеке деректеріңізді пайдалану қолданыстағы Еуропаның деректерді қорғау және басқа заңдарына сай орындалады. GfK – Еуропа Одағында және одан тыс орналасқан бірнеше компаниядан тұратын жаһандық ұйым бөлігі ("GfK Group") және басым көпшілігі Германиядағы GfK SE компаниясының меншігі болып табылады.

2 Жеке деректер деген не?

Жеке деректер – сіздің жеке тұлғаңызды тікелей не жанама анықтайтын ақпарат. Жанама дегенде басқа деректермен бірге қолдану жағдайы айтылады. Мысалы, сіздің аты-жөніңіз, пошталық мекенжайыңыз, электрондық поштаңыз, телефон нөміріңіз немесе бірегей желілік немесе сандық құрылғы анықтағышымен бірге қолданылғанда.

3 Жеке деректерді пайдалану

Жеке деректеріңіз төменде сипатталған мақсаттар үшін қолданылады. GfK немесе оның клиенті алдына қойған мақсаттар үшін қажетті дерек түрлерінен басқа немесе көлемінен артатын деректер жинамаймыз. Біз осы құпиялылық ескертуінде аталған жеке деректерді ғана пайдаланамыз және жеке деректер клиент үшін сарапталады, ал жеке деректерді клиент өзі жабдықтаса, клиенттің нұсқауларына сай сарапталады.

3.1 Сауалнамалар кезінде қолданылатын жеке деректердің санаттары

Құпиялылық ескертуінің осы 3-бөлімінде сипатталған әртүрлі жағдайларға байланысты, GfK деректердің мына санаттары бойынша жауапты не сараптаушы ретінде қолдануы мүмкін:

1. **"Сауалнама деректері"**, яғни сауалнамаға жауап берушінің жеке деректері қоса берілген жауаптары,
2. **Сіздің "лақап атыңыз"**, яғни сыртқы қызмет жабдықтаушы немесе жауап берушілерді біздің атымыздан жалдайтын не сізді сауалнамаға шақырған GfK Group компаниясы (бірге "салалық серіктестер") тағайындаған идентификаторлық нөміріңіз. Лақап атыңыз жеке дерек болып саналады, себебі салалық серіктес оны сізді тұлға ретінде анықтау үшін қолданады.
3. **"Метадеректер"**. Метадеректер – сауалнама кезінде жиналған браузер кукилері немесе Интернет журналының файлдары сияқты фоннан жиналған жеке деректер.
4. **"Контакт деректері"**, яғни клиент зерттеулер үшін "контакт тізімі" үлгісінде берген жауап берушінің аты-жөні, пошталық мекенжайы, телефон нөмірі және электрондық поштасы болуы мүмкін.

3.2 Салалық серіктестер

Салалық серіктестер бізге сауалнамаға қатысуға жарамды жауап берушілерді іздеуге және шақыруға көмектеседі және жауап берушілердің жауаптары лақап атымен жиналады.

Салалық серіктес сыртқы агенттік болса, GfK жеке тұлғасы белгілі жауап берушіге лақап аттар немесе сауалнама деректері немесе метадеректер тағайындай алмайды.

Салалық серіктес GfK Group компаниясының құрамында болса, сауалнама деректеріңіз немесе метадеректер жеке тұлғаңызбен байланыстырылмайды.

4.3 бөлімін қараңыз ("Сыртқы қызмет жабдықтаушылары").

3.3 Контакт деректері мен сауалнама деректерін басқару және қолдану

3.3.1 Жауап берушілерді салалық серіктестер көмегімен жалдау

Егер сауалнамаға тапсырыс берген клиент тарапынан ешқандай контакт тізімдері немесе басқа жеке деректер берілмесе, сауалнама деректері мен метадеректерге GfK жауапты болып табылады.

GfK сіздің сауалнама деректеріңізді сіздің сауалнамаға шақырған салалық агенттікке берген немесе сауалнамаға қатысуға келісу арқылы тікелей бізге берген келісіміңіз негізінде қолданады.

3.3.2 Контакт деректері GfK-ға клиенттер тарапынан берілген жауап берушілер арасындағы сауалнамалар

Кейбір сауалнамалар үшін клиент бізге контакт деректерін "контактілер тізімі" немесе потенциалды жауап берушілер үлгісінде өздері береді. Ондай жағдайларда GfK сауалнаманы клиент атынан және деректерді қорғауға қатысты тиісті заң бойынша деректерді қолдану келісіміне сай өткізеді және контакт деректері мен сауалнама деректеріне клиент өзі жауапты болады.

Клиенттің рұқсатымен біз сондай контакт тізімдерін салалық серіктестерге береміз және олар контакт деректерін екі мақсатта пайдалануы мүмкін:

- (1) контакт тізіміндегі тұлғаларды өздерінің дерекқорымен сәйкестендіріп, дерекқордан табылған тізімдегі тұлғаларды сауалнамаға шақыру үшін,
- (2) салалық серіктестің өзінің дерекқоры болмаса немесе контакт тізімі мен дерекқордан табылған тұлғалар саны аз болса, сауалнама үшін қажетті адам жинау үшін, контакт тізіміндегі адамдарға тікелей хабарласып, сауалнамаға шақыру үшін.

Сауалнама жауаптарын қатысушылардың лақап атымен жинаймыз.

Егер клиент контакт тізімін берсе, біз жауап берушілерге клиенттің кім екенін хабарлаймыз. Әдістемелік себептермен, яғни, сауалнама жауаптары барынша бейтарап болуы үшін, клиенттің аты сауалнамадан кейін беріледі.

3.4 Метадеректер

Біз жиналған "метадеректерді" нарық зерттеуші компания және вебсайт операторы ретінде кәсіби мүддеміз үшін қолданамыз. Метадеректер – сауалнама кезінде браузер кукилері немесе Интернет журналының файлдарының көмегімен фоннан жиналған жеке деректер. Бұл деректер біздің [кукилер саясатымызға](#) сай қолданылады.

3.5 Жеке деректеріңізді қалай пайдаланамыз

Сауалнама **деректерін** өзіміздің не клиентіміздің нарықты зерттеу мақсаттары үшін сараптап бағалаймыз. Клиенттерге берілетін сауалнама деректерімен бірге контактілер жайлы ақпарат берілмейді. Сауалнама деректерін басқа жауап берушілердің деректерімен араластырамыз. Кейбір жағдайларда сауалнама деректері жауап беруші деңгейінде баяндалады, бірақ аты-жөнінің орнына лақап аты қолданылады. Бұл клиент жауаптарыңыздың жеке сіздің тұлғаңызбен байланыстыра алмайды дегенді білдіреді.

Біз **метадеректерді** пайдаланушының сауалнамаға қатысу тәжірибесін, сауалнама сапасын, оңтайлылығын және қауіпсіздігін жақсарту үшін, сапа бақылауы, оның ішінде алаяқтық немесе біздің IT жүйемізге залал келтіру әрекеттерінің алдын алу үшін қолданамыз.

Бізге жеке деректерді қылмыстың алдын алу, анықтау немесе тергеу, ұрлық алдын алу, қызметтеріміз бен IT жүйемізге залал келтіру немесе мақсатынан тыс пайдалану сияқты заңдық себептер үшін сақтау қажет болуы мүмкін. Жеке деректеріңізді сондай-ақ ішкі және сыртқы аудит талаптары үшін, ақпарат қауіпсіздігі мақсаттарында немесе құқық, қауіпсіздік немесе мүлікті қорғау не басқалардың мүлігін қорғау немесе қорғау шараларын күшейту үшін қолдануымыз мүмкін.

Біз **контакт ақпаратын** жауап берушілермен сауалнамаға қатысты қарым-қатынас жасау мақсатында, оның ішінде шақыру немесе сауалнама жайлы ескерту үшін салалық серіктестерге беруіміз мүмкін.

4 Жеке деректерді қалай бөлісеміз

Жеке деректеріңізді төменде сипатталғандай және өзіңіз жеке деректерді үшінші жақтан басқа тараптарға беруге келісім бермесеңіз, тек қана үшінші жаққа және белгілі бір мақсаттар үшін ғана бөлісеміз. GfK жеке деректерді қолдану, қорғау және үшінші жаққа аудару қолданыстағы заңға сай орындалуын қадағалайды.

4.1 GfK Group ішінде

Жеке деректеріңізді сараптау не сақтау, сауалнамаларға кіру, қолдау көрсету, қызметті жақсарту жайлы шешім қабылдау, мазмұн жетілдіру және осы құпиялылық саясатының 3-бөлімінде сипатталған басқа мақсаттар үшін GfK Group филиалдарына беруіміз мүмкін. Жауап берушілер қандай да мақсат үшін ашық түрде келісімін бермесе, жеке деректер GfK Group компаниясынан тыс қолданылмайды.

4.2 Фармацевтикалық бақылау талаптары

Жауап берушілердің жеке деректерін қалыпты іскерлік мақсаттармен ешкімге бермейміз, бірақ сауалнамаға қатысушы ретінде фармацевтикалық бақылау талаптарына қатысты бөлек келісім беру және бұл келісім бойынша зерттеу түріне және қай елде өткізілгеніне қарай, ерекше жағдайларда жеке деректерді клиентке беру қажет болуы мүмкін.

4.3 Сыртқы қызмет жабдықтаушылары

Қажет болғанда компанияларға не жеке тұлғаларға қызметтерімізді жетілдіруге қатысты арнайы тапсырмалар беріледі және тапсырмалар дерек пайдалану келісімдеріне сай орындалады. Мысалы, осы құпиялылық саясатының 3.2 "Салалық серіктестер" бөлімінде сипатталғандай, жеке деректерді салалық серіктестерге береміз. Қызмет жабдықтаушыларын, мердігерлерді немесе серіктестерді дерекқор не қолданбаларды сақтау, деректерді сараптау немесе сіз сұраған ақпаратты жіберу үшін өз қалауымызға қарай қолдануымыз мүмкін. Салалық серіктестерге жеке деректер нарықты зерттеу жобаларына жалдау және сұхбат өткізу мақсаттарымен беріледі. Мұндай деректер сыртқы қызмет жабдықтаушыларына тисті деңгейде аталған мақсаттар үшін ғана беріледі. Олар бұл деректерді басқа мақсаттарда, әсіресе өзінің немесе үшінші жақ мүддесінде қолдана алмайды. GfK сыртқы қызмет жабдықтаушылары жеке деректердің құпиялылығын сақтауға келісім арқылы міндеттеме алады.

4.4 Кәсіптік мақсатта дерек аудару

Компанияны қайта құру, құрылымын өзгерту, басқа компаниямен біріктіру, сату немесе активтерді басқа себептермен аударуға (барлығы бірге "Кәсіптік аудару") байланысты, біз деректерді, оның ішінде жеке деректерді тиісті көлемде және кәсіптік аудару қажеттілігі туындаған жағдайда ғана және дерек аударылатын компания жеке деректерді қолданыстағы деректерді қорғау заңына сай пайдалануға келіскен жағдайда ғана басқа компания атына аударамыз. Қандай да жеке деректер құпиялылығын қамтамасыз етуді жалғастырамыз және жеке деректерге басқа компанияның құпиялылық саясаты қолданылатын жағдайлар жайлы алдын ала ескертеміз.

4.5 Мемлекеттік мекемелер

Жеке деректер мемлекеттік мекемелерге заң бойынша талап етілген жағдайда ғана беріледі. GfK мысалы сот, құқық қорғау органдары және басқа қоғамдық не мемлекеттік мекемелер, соның ішінде шетелдердің құзырлы орындары тарапынан дерек сұралғанда жауап береді.

5 Жеке деректерді халықаралық ұйымдарға аудару

Белгілі бір жағдайларда GfK жеке деректеріңізді Еуропа Одағынан/Еуропалық экономикалық аймақтан (ЕЭА) тыс орналасқан, "үшінші" елдерге жіберуі мүмкін. Үшінші елге деректер аудару шарттары осы құпиялылық ескертуінің 3-бөлімінде сипатталған. Бұл құпиялылық ескертуі деректер үшінші елде аударылған күннің өзінде де күшінде қалады, бірақ ол елдерде дерек қорғаудың басқа деңгейлері қолданылады. Атап айтқанда, халықаралық ұйымдарға дерек аудару мына жолмен орындалуы мүмкін:

5.1 GfK Group заңды ұйымдары

Еуропа Одағынан тыс орналасқан GfK Group ұйымдары Еуропалық комиссия қабылдаған деректер құпиялылығын қорғауға және халықаралық дерек аудару үрдісін заң жүзінде бақылауға қатысты келісімшарт стандарттарын пайдаланып, компанияаралық өзара келісімшарт жасасты.

5.2 Еуропа Одағынан (ЕО) және Еуропалық экономикалық аймақтан (ЕЭА) тыс орналасқан үшінші жақтар

Жеке деректерді GfK Group компаниясынан тыс бөлісу жайлы сізге хабарланады және қажет болса, келісіміңізді сұраймыз. Жеке деректерді Еуропалық комиссия қабылдаған деректерді қорғау заңынан басқа "сәйкес шешім"* қабылданған елдерге аудару Еуропалық комиссия қабылдаған деректер қорғау деңгейіне немесе қолданыстағы басқа деректер қорғау заңына сай келісімшарт стандарттарына негізделіп орындалады.

*) Мынаны қараңыз: https://ec.europa.eu/info/law/law-topic/data-protection/data-transfers-outside-eu/adequacy-protection-personal-data-non-eu-countries_en

6 Қауіпсіздік

GfK үшін деректер қауіпсіздігі өте маңызды. Біз тиісті қауіпсіздік деңгейін қолданамыз және жиналған деректердің қауіпсіздігіне абайсызда немесе заңсыз жолмен нұқсан келтіру, жоғалту, өзгерту, заңсыз жариялау немесе жеке деректерге рұқсатсыз кіру, аудару немесе басқаша қолдану жағдайларынан қорғау мақсатында тиісті физикалық, электрондық және әкімшілік шаралары қолданылды. Ақпарат қауіпсіздігіне қатысты саясаттарымыз және процедураларымыз қабылданған халықаралық стандарттарға сай және кәсіптік қажеттілік, технология жаңалықтары мен заң талаптарына жауап беру мақсатында жиі жаңартылып отырады. Жеке деректерге кіруге компания қызметкерлеріне, қызмет жабдықтаушыларына немесе құзырлы мекеме өкілдеріне міндетін атқару үшін қажет болғанда ғана рұқсат беріледі.

Жеке деректер сақталған дерекқорды пайдалану ережелері бұзылған жағдайда, GfK дерек қауіпсіздігіне қатысты қолданыстағы барлық заңдарды қолданады.

7 Сіздің құқықтарыңыз

Дерек беруші ретінде жиналған деректерге қатысты белгілі құқықтарыңыз бар. Бұл осы құпиялылық ескертуінің 3-бөлімінде аталған барлық қолданыс түрлеріне қатысты қолданылады. GfK сіздің жеке құқықтарыңызды құрметтейді және алаңдаушылық танытсаңыз, тиісті шараларды қолданады.

Мына тізімде қолданыстағы деректерді қорғау заңдарына негізделген сіздің құқықтарыңыз жайлы ақпарат берілген:

- **Келісімді тоқтату:** егер жеке деректер сіздің келісіміңізбен жиналса, келісімді кез келген уақытта сауалнаманың кіріспе бетінде берілген электрондық поштаға немесе деректерді қорғау маманына (байланыс ақпараты төменде берілген) хат жазып, тоқтатуыңызға болады. Жауап беруші ретінде келісімді тоқтату арқылы аталған жобаға қатысудан және GfK қатысушыларға ұсынған сыйақылар мен бонустардан бас тартатыныңызды ескеріңіз.

- **Түзету құқығы:** сізге қатысты деректерді түзетуді өтінуіңізге болады. Бізге тиесілі не біз басқаратын жеке деректерді қауіпсіз сақтау немесе нақты, толық, жаңартылған, қатысты болуын және қолжетімді соңғы ақпаратқа негізделуін қамтамасыз ету үшін барынша күш саламыз. Қажетті жағдайларда пайдаланушы өзі басқара алатын Интернет порталдарынан жеке деректердің дұрыстығын тексеру немесе түзету мүмкіндігін де ұсынамыз.
- **Шектеу құқығы:** бізден жеке деректеріңіздің қолданысын шектеуді өтінуіңізге болады, егер
 - нақтылығын растау мерзіміне қатысты жеке деректеріңіз қате болса,
 - заңға қайшы қолданылса және сіз деректерді жою орнына қолданысын шектеуді сұрасаңыз,
 - жеке деректеріңіз бізге қажет болмаса және сізге олар құқықтық істерге қатысты қандай да мекемелерге көрсету үшін қажет болса немесе
 - сіз пайдалануға қарсылық көрсетсеңіз және біздің заңды себептеріміз сіздің негіздемеңізден басым болмаса.
- **Кіру рұқсаты:** бізде сақталған өзіңіз туралы деректер жайлы ақпарат сұрауыңызға болады, оның ішінде қай санаттағы ақпарат бізге тиесілі немесе басқаруымызда, оны қалай қолданатынымыз, егер тікелей сізден алынбаса, қайдан алғанымыз және бұл деректердің кімге көрсетілетіні жайлы сұрауыңызға болады. Бізде сақталған деректердің бір көшірмесін тегін алуыңызға болады. Басқа көшірмелер үшін тиісті ақысын талап ету құқығын сақтаймыз.
- **Аудару құқығы:** сіздің өтінішіңіз бойынша, егер техникалық жағынан іске асыруға болатын жағдай болса және қолдануға өзіңіз келіскеніңізді немесе келісім шарттарын ескеріп, жеке деректеріңізді басқа бақылаушы атына аударамыз. Жеке деректер көшірмесін алудың орнына тікелей өзіңіз анықтаған басқарушы атына аударуды өтінуіңізге болады.
- **Жою құқығы:** бізден жеке деректерді жоюды сұрауыңызға болады, егер
 - жеке деректер жиналған мақсатына қатысты енді қажет болмаса немесе қолданылып қойса;
 - жеке деректеріңізді әрі қарай пайдалануға қарсы болсаңыз (төмендегі ақпаратты қараңыз) және осыған қатысты құқығыңызды қолдануды қаласаңыз;
 - қолдануға келісім берсеңіз және енді келісімді тоқтатқыңыз келсе және қолдануға ешбір заңдық негіз болмаса;
 - жеке деректер заңға қайшы қолданылса;

қолдану қажет болмаса

- бізден қолдануды талап ететін заңдық міндеттеме бойынша;
 - әсіресе заңды түрде дерек алу талаптарына сай;
 - құқықтық істерге қатысты құқық орны талап етсе.
- **Қарсы болу құқығы:** кез келген уақытта белгілі бір жағдайларға байланысты жеке деректерді қолдануға қарсылық танытуыңызға болады және ол үшін деректерді қолдану

сіздің келісіміңізге емес, біздің немесе үшінші жақтың кәсіптік мүддесіне негізделуі тиіс. Ондай жағдайда егер біз кәсіптік мүддемізден не құзырлы мекемелерге құқықтық істерге қатысты беру себебінен басымдырақ ешқандай заңды себеп көрсете алмасақ, жеке деректеріңіз ендігәрі пайдаланылмайды. Егер қолдануға қарсы болсаңыз, жеке деректеріңізді жойғыңыз әлде қолданысын шектегіңіз келетінін анықтаңыз.

- **Шағымдану құқығы:** қолданыстағы құпиялылық туралы заңдарды бұзу орын алған жағдайда, еліңіздегі не заң бұзу жағдайы орын алған жердегі деректерді қорғауға жауапты құзырлы мекемеге шағым түсіруіңізге болады.

Ескертпе:

- **Уақыт аралығы:** өтініш 30 күн аралығында қаралады. Дегенмен, уақыт аралығы белгілі бір құқық немесе өтініш күрделілігі себептерімен ұзартылуы мүмкін.
- **Деректерге кіру шектеулері:** кейбір жағдайларда заңдық себептермен барлық не кейбір жеке деректеріңізге кіруге рұқсат бермеуіміз мүмкін. Кіруге рұқсат берілмесе, себебін түсіндіреміз.
- **Анықталмау:** кейбір жағдайларда өтінішіңізде берілген анықтағыштармен жеке деректеріңіз табылмауы мүмкін. Мысалы, сауалнамаға сыртқы салалық серіктес тарапынан шақырылып, аты-жөніңіз бен электрондық поштаңызды сыртқы салалық серіктес жабдықтағанда, сауалнама деректеріңіз осы ақпаратпен табылмауы мүмкін (осы құпиялылық саясатының 3.2 "Салалық серіктестер" бөлімін қараңыз).

Осындай сауалнама қатысушысы ретінде анықталмаған жағдайларда және жеке тұлғаңызды анықтайтын қосымша деректер бермесеңіз, осы бөлімде сипатталған құқықтарыңызға қатысты өтініштерді орындау мүмкін болмайды.

Құқықтарыңызға қатысты өтінішті тікелей GfK компаниясына емес, сауалнамаға шақырған салалық серіктеске жіберуіңізге болады. Солайша бізге жеке тұлғаңызды ашу қажеттігі туындамайды және салалық серіктестің өтінішіңізді растап, деректерді сіздің лақап атыңызбен бізге жіберуіне болады. Ондай жағдайда өтінішіңіз сіз өтінішті тікелей бізге жібергендей қаралады.

- **Құқықтарға қатысты өтініш:** құқықтарға қатысты өтінішті жазбаша не мәтіндік үлгіде, яғни электрондық пошта немесе жай хатпен жіберіңіз. Тікелей деректерді қорғау маманына хабарласуыңызға да болады. Байланыс деректері осы құпиялылық ескертуінің соңында берілген.

8 Жеке деректерді сақтау

Жалпы, сізден алынған жеке деректер жиналған мақсаты үшін бізге алда қажет болмаса, біз оларды жоямыз. Дегенмен, заңға байланысты себептермен жеке деректеріңіз ұзағырақ сақталуы мүмкін.

Әдетте жеке деректер 1 (бір) жыл сақталғанымен, дерек иесі клиент болса және деректер бізге сіздің контакт деректеріңізбен жабдықталса, онда сақтау мерзімі клиенттің зерттеуге қатысты

нұсқауларына байланысты болуы мүмкін. Егер сақтау мерзімі ұзартылса, жауап берушілерге бұл жайлы электрондық хабар шақыруында немесе сауалнаманың мұқабә бетінен хабарлаймыз. Метадеректер ең ұзақ дегенде екі жыл сақталады.

Оған қоса, егер сіз бізден қайта хабарласпауды өтінсеңіз, жеке деректеріңіздің барлығы жойылмайды. Ондай жағдайда GfK алда қайта хабарласпайтын адамдар жайлы ақпаратты сақтайды (электрондық жаршы немесе нарық зерттеу жобаларына шақыру науқандары арқылы). Егер бізге басқа нұсқау бермесеңіз, өтінішіңіз жеке деректеріңізді осы мақсатта сақтауға келісім ретінде қаралады.

9 Құпиялылық ескертуіне өзгерістер енгізу

Қалауымызға қарай құпиялылық шарттары мен осы құпиялылық ескертуін кез келген уақытта өзгерту құқығын сақтаймыз. Сондықтан сауалнамаға қатыспас бұрын, осы құпиялылық ескертуін қарап шығуға кеңес береміз. Бұл құпиялылық ескертуінің осы нұсқасы соңғы рет жоғарыда көрсетілген күні жаңартылған. Егер сіз өзіңіз басқаша қолдануға келісіміңізді бермесеңіз, жеке деректеріңіз жиналған уақытында қолданылған құпиялылық ескертуіне сай қолданылады.

10 Байланыс деректері

Деректерді қорғауға қатысты құқықтарыңыз жайлы сұрақтарыңызды тікелей деректерді қорғау маманына dpo_germany@gfk.com поштасы немесе төмендегі мекенжайға хат жазу арқылы жіберіңіз.

GfK SE

Nordwestring 101

90419 Nuremberg

Германия

Басқарма:

Питер Фелд (CEO)

Кристиан Бигата Джозеф (CFO)

Тел: +49 911 395-0 (Коммутатор), gfk@gfk.com

Кеңес алқасының бастығы: Ральф Клейн-Болтинг

Тіркелген кеңсе: Нюрнберг

Аудандық соттағы Коммерциялық тіркемесі:

Нюрнберг: HRB 25014